



**Қазақстан Республикасы  
экология, геология және  
табиғи ресурстар министрлігі  
«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМҚ**

**2022 жылғы шілде айына  
АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ**



**НҰР-СҰЛТАН 2022**



**Мазмұны**

Алғы сөз.....	5
Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес шілде айының қысқаша климаттық сипаттамасы .....	6
2022 жылдың шілде айында күтілетін орташа айлық температурасының мөлшерден ауытқуы.....	8
Шілде айында көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма) .....	8
2022 жылдың шілде айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы .....	9
Шілде айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма) .....	9
2022 жылы Қазақстан аймақтары бойынша шілде айында күтілетін орташа ауа температурасы .....	10
Ауа райының облыстар бойынша графигі .....	11
2022 жылдың шілде айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы .....	13
Алматы облысы .....	13
Жамбыл облысы .....	14
Түркістан облысы .....	15
Қызылорда облысы .....	16
Атырау облысы .....	17
Маңғыстау облысы.....	18
Батыс Қазақстан облысы .....	19
Ақтөбе облысы .....	20
Қостанай облысы .....	21
Солтүстік Қазақстан облысы .....	22
Ақмола облысы .....	23
Павлодар облысы .....	24
Қарағанды облысы .....	25
Шығыс Қазақстан облысы .....	26

**АЛҒЫ СӨЗ**

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ көпжылдық мәліметтер бойынша айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

*Айлық ауа райын консультативтік кеңес ретінде пайдалану керек. Айлық ауа райын пайдаланған кезде, кейде ауа райының жүріс бағыты 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сонымен қатар айтылған ауа райы құбылыстарының қарқыны біршама ауытқуы ( $\pm 5^{\circ}\text{C}$ ) мүмкін екеніне ескеру қажет. Айлық ауа райы болжамдары 30-31, 10, 20 күндері онкүндік болжамдар арқылы нақтыланып отырады.*

Ауа райының айлық болжауын шығару мен оны анықтауға байланысты барлық мәселелер бойынша Гидрометорталықтың мына мекенжайы бойынша хабарласуыңызды өтінеміз: 010000, Нұр-Сұлтан қ. Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталықтың директоры және редактор  
М. Шмидт, тел. (7172) 79-83-87.

Ауа райын ұзақ мерзімге болжау басқармасының бастығы  
Ж.Исабекова, тел. (7172) 79-83-95.

Құрастырған АРҰМББ 1 санатты инженер:  
А.Сагинтаева,  
тел. (7172) 79-83-95

## Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес шілде айының қысқаша климаттық сипаттамасы

Шілде айында күннің жарық уақыты қысқара бастайды, маусымға қарағанда бұл айда күн көкжиектен көп төмендеп, ауаның орташа айлық температурасы жоғарылайды және жылдағы өзінің ең жоғарғы мәніне жетеді. Солтүстік пен шығыста ол  $+18+23^{\circ}\text{C}$  Шығыс Қазақстан облысының тауларында  $+14+16^{\circ}\text{C}$ , республиканың оңтүстігіне қарай жоғарылай отырып, қиыр оңтүстікте  $+28+30^{\circ}\text{C}$ -қа жетеді.

Ауаның орташа айлық температурасының  $+20^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болатын күндердің тәулік саны Қазақстанның солтүстік облыстарында 15-20, оңтүстік облыстарының жазық бөлігінде 25-30 күн құрайды; ал  $+25^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болатын күндерінің тәулік саны республиканың оңтүстігінде 25-28, ал солтүстігінде бар болғаны 4-5 күнді ғана құрайды.

Шілдеге ауаның орташа тәуліктік температурасының көп тербелісте ауытқуы тән: республиканың оңтүстік бөлігінде  $+16+19^{\circ}\text{C}$ , Қазақстанның солтүстігінде және оңтүстігі мен оңтүстік-шығысының тау бөктерлі аудандарында  $+12+15^{\circ}\text{C}$ , тек тауларда ғана  $+10^{\circ}\text{C}$ -тан аздау болады.

Шілдеде абсолюттік максимум солтүстік және шығыс облыстарда  $+42+43^{\circ}\text{C}$ , батыс, орталық, оңтүстік-шығыста  $+47+48^{\circ}\text{C}$ , оңтүстікте  $+49+50^{\circ}\text{C}$ -қа жетеді. Абсолюттік максимумның қайталануы солтүстік пен шығыста 10 жылда 2 рет, оңтүстік облыстарда 10 жылда 7-8 рет болады, ал қиыр оңтүстікте мұндай ыстық жыл сайын байқалуы мүмкін.

Шілдеде ыстық ауа райымен қатар Қазақстанның солтүстігі мен шығысында түнде  $0,+5^{\circ}\text{C}$  және қалған жерлерде  $+7+12^{\circ}\text{C}$  дейін біршама суынуы да мүмкін. Шілдеде үсік өте сирек кездеседі, дегенмен кей жылдары Солтүстік Қазақстан мен Шығыс Қазақстан облыстарының кейбір стансаларында  $-1-4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін байқалады.

Шілдеде Қазақстанның солтүстік жартысында жауын-шашынның жылдық максимумы байқалады. Батыс облыстарда ол маусымда болып өтеді, ал оңтүстік облыстарға керісінше, жауын-шашын мөлшерінің одан ары азаюы тән.

Жауын-шашынның ең көп айлық мөлшері республиканың солтүстігінде 45-83 мм, шығыстың таулы және тау бөктерлі аудандарында 86-182 мм, солтүстіктен оңтүстікке қарай жауын-шашынның мөлшері азайып, оңтүстік-шығыстың тау бөктерлі және таулы аудандарын қоспағанда жауын-шашынның мөлшері 26-54 мм, ал тауларда 60-160 мм, кей кездерде 250 мм-ге дейін және одан да көп, республиканың оңтүстік бөлігінде 1-12 мм ғана, кей жерлерде 14-24 мм болады.

Шілдеде жаңбыр нөсер түрінде жауады, кейде бір тәулікте айлық мөлшері және одан да көп жаууы мүмкін.

Шілдеде жаңбырлы күндердің саны солтүстік облыстарда және шығыс пен оңтүстік-шығыстағы таулы аудандарда 8-15, кей жылдары 18-23, тауларда 20-26, шөлді аудандарда 1-4, ал тым ылғалды жылдары 5-7 күндей болады.

Қуаңшылық (жауын-шашынның айлық мөлшері 10 мм аз) солтүстік облыстарда орта есеппен 10 жылда 1 рет, шөл аумақтарда жиірек-10 жылда 4-6 рет болып тұрады.

Шілдеде найзағай жиі шығыс және оңтүстік-шығыстағы таулы аудандарда 8-12 күндей, солтүстік облыстарда 6-8 күндей, батыс облыстарда 5-6, шөлді аудандарда айына 1-2 рет қана болады.

Бұршақтың жаууы сирек құбылыс, барлық жерде болмайды. Бұршақ көбінесе оңтүстік-шығыстағы таулы аудандарда 10 жылда 6-9 рет, Іле Алатауының солтүстік беткейлерінде жыл бойы айына 1-3 рет жауады.


**Қазақстан аумағы бойынша шілде айында ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері  
(норма 1991-2020жж.)**

Облыс	Ауа температурасы, °С	Жауын-шашын мөлшері, мм
Батыс Қазақстан	+22,7...+26,2	14...39
Атырау	+25,6...+27,9	8...18
Маңғыстау	+26,1...+30,1	8...13
Қостанай	+19,8...+24,6	15...59
Ақтөбе	+20,6...+26,8	9...39
Ақмола	+18,2...+21,2	37...82
қ. Нұр-Сұлтан	+20,6	56
Солтүстік Қазақстан	+18,7...+20,3	56...81
Павлодар	+20,1...+21,7	48...75
Қарағанды	+18,8...+26,1	5...66
Шығыс Қазақстан	+14,6...+24,6	20...85
Түркістан	+17,5...+30,0	1...26
қ. Шымкент	+26,8	10
Қызылорда	+26,9...+29,3	3...8
Алматы	+8,5...+26,6	11...138
қ. Алматы	+24,4	43
Жамбыл	+21,6...+27,2	7...32


## 2022 жылдың шілде айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық температурасының нормадан ауытқуы

*Шілде* айында ауаның орташа температурасы республиканың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары*, ал Батыс Қазақстан, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарында, Қостанай облысының басым бөлігінде және Ақтөбе, Қарағанды облыстарының солтүстігінде *норма шамасында* болады деп күтіледі.

2022 жылдың шілде айында күтілетін ауа температурасының нормадан ауытқуы



Шілде айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма 1991-2020 жж.)







## 2022 жылдың шілде айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы

*Шілде* айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *нормадан аз*, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар облыстарында, Қостанай облысының басым бөлігінде, Қарағанды облысының солтүстік-батысында, Шығыс Қазақстан облысының солтүстігінде, еліміздің оңтүстік, оңтүстік-шығыс және шығысының таулы және тау бөктеріндегі аудандарында *норма шамасында* болады деп болжанады.

2022 жылдың шілде айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы




Шілде айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа мөлшері (норма 1991-2020 жж.)



## 2022 жылдың шілде айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы

Ауаның орташа айлық температурасы республиканың басым бөлігінде  $+19+26^{\circ}\text{C}$ , еліміздің қиыр шығысында және Алматы облысының таулы және тау бөктеріндегі аудандарында  $+16^{\circ}\text{C}$ , еліміздің оңтүстік бөлігінде  $+27+31^{\circ}\text{C}$  болады деп болжанады.


2022 жылдың шілде айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы




2005 жылға – ұқсас

ҚР облыстары бойынша 2022 жылдың шілде айының ауа райы кестесі


Алматы облысы




Жамбыл облысы




Түркістан облысы




Қызылорда облысы




Атырау облысы




Батыс Қазақстан облысы




Ақтөбе облысы




Манғыстау облысы




Қостанай облысы




Солтүстік Қазақстан облысы




Ақмола облысы




Павлодар облысы



Қарағанды облысы



Шығыс Қазақстан облысы



Шартты белгілер:

- |  |  |  |                          |
|--|--|--|--------------------------|
|  | кей жерлерде жауын-шашын                               |  | кей жерлерде             |
|  | аздаған жауын-шашын                                    |  | желдің 15-20 м/с күшейуі |
|  | жаңбыр   |  | С                        |
|  | аздаған жаңбыр   |  | ЮВ                       |
|  | нөсерлі жаңбыр   |  | СЗ                       |
|  | шаңды дауыл  |  | З                        |
|  | тұман  |  | ЮЗ                       |
|  | көпжылдық орташа тәуліктік ауа температурасының барысы |  | Ю                        |
|  | түнгі ауа температурасының барысы                      |  | ЮЗ                       |
|  | күндізгі ауа температурасының барысы                   |  | З                        |
|  | ауаның орташа тәуліктік температурасының барысы        |  |                          |



## Қазақстан облыстары бойынша 2022 жылғы шілде айына консультативтік ауа-райы болжамы

### Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+23+26^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма:  $+23+26^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+30+35^{\circ}\text{C}$ , солтүстік-батысында  $+27^{\circ}\text{C}$ -тан  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде  $+10+15^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде түнде  $+7^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ары қарай төмендеуі күтіледі. Кейін ауа температурасы түнде  $+19+24^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+33+38^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде түнде  $+14^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтілуде.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы түнде  $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан  $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+22^{\circ}\text{C}$ -тан  $+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+28+33^{\circ}\text{C}$ , оңтүстігінде  $+37^{\circ}\text{C}$ -тан  $+37+42^{\circ}\text{C}$ , солтүстігінде  $+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Екінші жартысында ауа температурасы түнде  $+15+20^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында (норма: 14-39 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндікте жиі болжанады. Найзағай үшінші онкүндікте жиі күтіледі. Бұршақ үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Шанды дауыл екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің екінші жартысында болжанады. 15-20 м/с жел ай бойы жиі күтіледі.



## Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+27+29^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}\text{C}$  жоғары (норма:  $+26+28^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан  $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+34+39^{\circ}\text{C}$ , облыстың солтүстік-батысында  $+31^{\circ}\text{C}$ -тан  $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде  $+14+19^{\circ}\text{C}$ , облыстың солтүстігінде  $+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+26+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ары қарай төмендеуі күтіледі. Кейін ауа температурасы түнде  $+21+26^{\circ}\text{C}$ , солтүстігінде  $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+34+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан  $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+30+35^{\circ}\text{C}$ -тан  $+34+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз (норма: 8-18 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің бірінші жартысында болжанады. Найзағай үшінші онкүндіктің басында күтіледі. 15-20 м/с жел, шаңды дауыл ай бойы жиі күтіледі.



## Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+27+31^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}\text{C}$  жоғары (норма:  $+26+30^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+23+28^{\circ}\text{C}$ , облыстың батысында  $+20^{\circ}\text{C}$ -тан  $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+33+38^{\circ}\text{C}$ , батысында  $+28^{\circ}\text{C}$ -тан  $+28+33^{\circ}\text{C}$ , облыстың оңтүстігінде  $+37^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде  $+22+27^{\circ}\text{C}$ , солтүстік-батысында  $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+33+38^{\circ}\text{C}$ , облыстың оңтүстігінде  $+41^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде  $+14+19^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+24+29^{\circ}\text{C}$ , облыстың оңтүстігінде  $+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Кейін ауа температурасы түнде  $+22+27^{\circ}\text{C}$ , шығысында  $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+34+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы түнде  $+17+22^{\circ}\text{C}$ , шығысында  $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+29+34^{\circ}\text{C}$ , облыстың батысында  $+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+37+42^{\circ}\text{C}$ , батысында  $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы түнде  $+20+25^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз (норма: 8-13 мм).

Өткінші жаңбыр, 15-20 м/с жел екінші және үшінші онкүндіктің басында болжанады.



## Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+20+26^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, ал оңтүстігінде *нормадан  $1^{\circ}\text{C}$  жоғары* (норма:  $+20+25^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде*  $+16+21^{\circ}\text{C}$ , облыстың солтүстігінде  $+12^{\circ}\text{C}$ -тан  $+11+16^{\circ}\text{C}$ , солтүстік-батысында  $+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+32+37^{\circ}\text{C}$ , солтүстігінде  $+27^{\circ}\text{C}$ -тан  $+23+28^{\circ}\text{C}$ , облыстың оңтүстігінде  $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтілуде.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде*  $+6+11^{\circ}\text{C}$ , облыстың оңтүстігінде  $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+18+23^{\circ}\text{C}$ , солтүстік-шығысында  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ары қарай төмендеуі болжанады. Кейін ауа температурасы *түнде*  $+11+16^{\circ}\text{C}$ , оңтүстігінде  $+20^{\circ}\text{C}$ , *күндіз*  $+27+32^{\circ}\text{C}$ , облыстың солтүстігінде  $+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде*  $+16+21^{\circ}\text{C}$ , солтүстігінде  $+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+32+37^{\circ}\text{C}$ , шығысында  $+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ары қарай жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың батысында *нормадан аз* (норма: 15-59 мм).

Өткінші жаңбыр, 15-20 м/с жел айдың бірінші жартысында жиі және үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Найзағай айдың басында және соңында болжанады. Шанды дауыл бірінші онкүндіктің басында күтіледі.





## Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+21+28^{\circ}\text{C}$  болады деп күтіледі, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан  $1^{\circ}$  жоғары*, облыстың солтүстігінде *норма шамасында* (норма:  $+21+27^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде*  $+12+17^{\circ}\text{C}$ , облыстың оңтүстігі және шығысында  $+22^{\circ}\text{C}$ -тан  $+17+22^{\circ}\text{C}$ , солтүстігінде  $+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+30+35^{\circ}\text{C}$ , облыстың оңтүстігінде  $+38^{\circ}\text{C}$ -тан  $+36+41^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде*  $+13+18^{\circ}\text{C}$ , солтүстігінде  $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+25+30^{\circ}\text{C}$ , облыстың оңтүстігінде  $+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде*  $+8+13^{\circ}\text{C}$ , облыстың солтүстігінде  $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+20+25^{\circ}\text{C}$ , оңтүстігінде  $+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ары қарай төмендеуі болжанады. Кейін ауа температурасы *түнде*  $+19+24^{\circ}\text{C}$ , шығысында  $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+33+38^{\circ}\text{C}$ , облыстың солтүстік-шығысында  $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде*  $+14+19^{\circ}\text{C}$ , оңтүстігінде  $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+28+33^{\circ}\text{C}$ , облыстың солтүстігінде  $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде*  $+19+24^{\circ}\text{C}$ , облыстың солтүстігінде  $+15^{\circ}\text{C}$ , *күндіз*  $+33+38^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Кейін ауа температурасы *түнде*  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+26+31^{\circ}\text{C}$ , солтүстігінде  $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* (норма: 9-39 мм).

Өткінші жаңбыр, 15-20 м/с жел екінші, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. Найзағай екінші және үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында болуы мүмкін.



## Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+18+21^{\circ}\text{C}$  болады деп күтіледі, бұл норма шамасында (норма:  $+18+21^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+11+16^{\circ}\text{C}$ , облыстың солтүстігінде  $+19^{\circ}\text{C}$ -тан  $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+29+34^{\circ}\text{C}$ -тан  $+34+39^{\circ}\text{C}$ , солтүстігінде  $+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде  $+11+16^{\circ}$ , солтүстігінде  $+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+21+26^{\circ}\text{C}$ , облыстың шығысында  $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы түнде  $+7+12^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ары қарай төмендеуі болжанады. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы түнде  $+10+15^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан  $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+24+29^{\circ}\text{C}$ -тан  $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады деп болжанады (норма: 37-82 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің бірінші жартысында, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. 15-20 м/с жел, шаңды дауыл айдың бірінші жартысында күтіледі.



## Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+19+20^{\circ}\text{C}$  болады деп күтіледі, бұл норма шамасында (норма:  $+19+20^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан  $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан  $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан  $+15+20^{\circ}\text{C}$ , облыстың шығысында  $+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ары қарай төмендеуі күтіледі. Кейін ауа температурасы түнде  $+13+18^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+16+21^{\circ}\text{C}$ , оңтүстік-батысында  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ары қарай жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде  $+11+16^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында түнде  $+19^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+31^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады деп күтіледі (норма: 56-81 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, 15-20 м/с жел айдың бірінші жартысында болжанады.



## Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+20+22^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма:  $+20+22^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан  $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан  $+33+38^{\circ}\text{C}$ , облыстың солтүстігінде  $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының біртіндеп төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы түнде  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+18+23^{\circ}\text{C}$ , облыстың шығысында  $+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ары қарай төмендеуі болжанады. Кейін онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы түнде  $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+25+30^{\circ}\text{C}$ , облыстың шығысында  $+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ары қарай жоғарылауы болжанады. Кейін ауа температурасы түнде  $+12+17^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, шығысында түнде  $+20^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде  $+15+20^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады деп болжанады (норма: 48-75 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, 15-20 м/с жел ай бойы жиі болжанады.



## Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+19+27^{\circ}\text{C}$  күтіледі, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан  $1^{\circ}$  жоғары*, облыстың солтүстігінде *норма шамасында* (норма:  $+19+26^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде*  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан  $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында  $+23^{\circ}\text{C}$ -тан  $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+33+38^{\circ}\text{C}$ , солтүстігінде  $+28^{\circ}\text{C}$ -тан  $+38+43^{\circ}\text{C}$ , облыстың солтүстік-батысында  $+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы *түнде*  $+10+15^{\circ}\text{C}$ , облыстың оңтүстік-батысында  $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+22+27^{\circ}\text{C}$ , солтүстігінде  $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ары қарай төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы түнде  $+15+20^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде*  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан  $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+29+34^{\circ}\text{C}$ -тан  $+23+28^{\circ}\text{C}$ , батысында және оңтүстік-шығысында  $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан аз*, ал солтүстік-батысында *норма шамасында* күтіледі (норма: 5-66 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, 15-20 м/с жел айдың ортасында және үшінші онкүндікте жиі күтіледі. Бұршақ үшінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің соңында, екінші және үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Ауаның орташа айлық температурасы  $+16+26^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары (норма:  $+15+25^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+12+17^{\circ}\text{C}$ , таулы аудандарда  $+9^{\circ}\text{C}$ -тан  $+16+21^{\circ}\text{C}$ , солтүстігінде және таулы аудандарында  $+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+26+31^{\circ}\text{C}$ , оңтүстігінде  $+36^{\circ}\text{C}$ -тан  $+34+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+8+13^{\circ}\text{C}$ , оңтүстігінде  $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+20+25^{\circ}\text{C}$ , таулы және тау бөктеріндегі аудандарда  $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ары қарай төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде  $+15+20^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-батысында және таулы аудандарында түнде  $+10^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ары қарай жоғарылауы болжанады. Кейін ауа температурасы түнде  $+12+17^{\circ}\text{C}$ , шығысында және таулы аудандарында  $+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+22+27^{\circ}\text{C}$ , оңтүстігінде  $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде  $+15+20^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-батысында және таулы аудандарында түнде  $+10^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз (норма: 20-64 мм), ал солтүстігінде, таулы және тау бөктеріндегі аудандарында норма шамасында күтіледі (норма: 65-85 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, 15-20 м/с жел ай бойы жиі болжанады. Бұршақ бірінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі.





## Түркістан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+28+31^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары (норма:  $+27+30^{\circ}\text{C}$ ), ал таулы және тау бөктеріндегі аударда  $+19+27^{\circ}\text{C}$  (норма:  $+18+26^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында  $+16^{\circ}\text{C}$ -тан  $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+35+40^{\circ}\text{C}$ , таулы аудандарда  $+32^{\circ}\text{C}$ -тан  $+41+46^{\circ}\text{C}$ , облыстың шығысында және таулы аудандарында  $+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде  $+18+23^{\circ}\text{C}$ -тан  $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+27^{\circ}\text{C}$ -тан  $+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+36+41^{\circ}\text{C}$ -тан  $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың орталығында және таулы аудандарында  $+32^{\circ}\text{C}$ -тан  $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ары қарай төмендеуі болжанады. Кейін ауа температурасы түнде  $+15+20^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+33+38^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан  $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+27^{\circ}\text{C}$ -тан  $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+35+40^{\circ}\text{C}$ , оңтүстік-шығысында және таулы аудандарында  $+32^{\circ}\text{C}$ -тан  $+30+35^{\circ}\text{C}$ , облыстың орталығында және таулы аудандарында  $+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз (норма: 1-10 мм), таулы және тау бөктеріндегі аудандарында норма шамасында күтіледі (норма: 13-26 мм).

Өткінші жаңбыр, 15-20 м/с жел екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Найзағай, шаңды дауыл айдың соңында болжанады.



## Қызылорда облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+28+30^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}\text{C}$  жоғары (норма:  $+27+29^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында  $+17^{\circ}\text{C}$ -тан  $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+36+41^{\circ}\text{C}$ -тан  $+41+46^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Кейін онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде  $+20+25^{\circ}\text{C}$ , шығысында  $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+32+37^{\circ}\text{C}$ , облыстың оңтүстігінде  $+41^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+14+19^{\circ}\text{C}$ , облыстың шығысында  $+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+26+31^{\circ}\text{C}$ , оңтүстікте  $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ары қарай төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде  $+21+26^{\circ}\text{C}$ , облыстың солтүстік-шығысында  $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+37+42^{\circ}\text{C}$ , шығысында  $+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан  $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+32+37^{\circ}\text{C}$ -тан  $+37+42^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз болжанады (норма: 5-8 мм).

Өткінші жаңбыр, 15-20 м/с екінші онкүндікің басында және соңында, үшінші онкүндікте болжанады. Найзағай үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін.





## Алматы облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+21+28^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}\text{C}$  жоғары (норма:  $+20+27^{\circ}\text{C}$ ), ал таулы және тау бөктеріндегі аудандарында  $+10+20^{\circ}\text{C}$  (норма:  $+9+19^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+11+16^{\circ}\text{C}$ , таулы аудандарда  $+8^{\circ}\text{C}$ -тан  $+18+23^{\circ}\text{C}$ , облыстың оңтүстігінде  $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+31+36^{\circ}\text{C}$ , таулы аудандарда  $+26^{\circ}\text{C}$ -тан  $+37+42^{\circ}\text{C}$ , облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында  $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+18+23^{\circ}\text{C}$ , оңтүстігінде  $+28^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ , таулы және тау бөктеріндегі аудандарда  $+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+37+42^{\circ}\text{C}$ , солтүстікте және таулы аудандарда  $+32^{\circ}\text{C}$ -тан  $+24+29^{\circ}\text{C}$ , облыстың таулы аудандарында  $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде  $+13+18^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+15+20^{\circ}\text{C}$ , облыстың батысында  $+25^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+33+38^{\circ}\text{C}$ , таулы және тпк бөктеріндегі аудандарында  $+26^{\circ}\text{C}$ -тан  $+28+33^{\circ}\text{C}$ , солтүстігінде және таулы аудандарында  $+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз (норма: 11-38 мм), ал облыстың оңтүстік-шығысында норма шамасында болуы күтіледі (норма: 40-138 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, 15-20 м/с жел ай бойы жиі болжанады. Шаңды дауыл екінші және үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



## Жамбыл облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+23+28^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}\text{C}$  жоғары (норма:  $+22+27^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан  $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы аудандарында  $+12^{\circ}\text{C}$ -тан  $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+32+37^{\circ}\text{C}$ -тан  $+37+42^{\circ}\text{C}$ , облыстың батысында  $+45^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы түнде  $+15+20^{\circ}\text{C}$ , облыстың таулы аудандарында  $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ары қарай төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы түнде  $+17+22^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде  $+17+22^{\circ}\text{C}$ , облыстың оңтүстігінде  $+27^{\circ}\text{C}$ -тан  $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+35+40^{\circ}\text{C}$ -тан  $+30+35^{\circ}\text{C}$ , таулы аудандарда  $+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, ал таулы және тау бөктеріндегі аудандарында норма шамасында болжанады (норма: 7-32 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің бірінші жартысында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болжанады. Найзағай үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. 15-20 м/с жел, шаңды дауыл екінші және үшінші онкүндіктің басында болжанады.



Қазақстан Республикасы  
Нұр-Сұлтан қ-сы  
Мәңгілік Ел к-сі 11/1  
тел: 8(7172)79-83-95  
E-mail:  
udpp@meteo.kz



Республика Казакстан  
г. Нур-Сұлтан  
ул. Мәңгілік Ел 11/1  
тел: 8(7172)79-83-95  
E-mail:  
udpp@meteo.kz